


дар АМАНТАЙ

Күзгі раңдеву



Дидар АМАНТАЙ

*Күзгі
рандеву*

“Елорда”
Астана – 2004

ББК 84 Қаз 7-44

А 52

КАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ
СПОРТ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ШЫГАРЫЛДЫ

Амантай Д.

А 52 Күзгі рандеву. Роман, повестер, өңгімелер — Астана;
Елорда, 2004. — 200 б.

ISBN 9965-06-384-2

Белгілі қаламгер Дидар Амантайдың бұл кітабында әдебиеттің бірнеше саласын қамтыған, әр жанрга жаңаша сипат берерлік айтулы шығармалары топтастырылған. Атап айтсақ, “Гүлдер мен кітаптар” романы, “Мен сізді сағынып журмін”, “Ібіліспен сүйісу” повестері және көптеген әңгімелері енгізілген.

Тілі көркем шұрайлы, оқиғалары шынайы, ойға қоныымды әрі тартымды.

Кітап қалың қоныымға арналған.

А 4702250201-320
450(05)-04

ББК 84 Қаз 7-44

© Амантай Д., 2004
© “Елорда”, 2004

ГҮЛДЕР МЕН КИТАПТАР

Роман

*Қайсы өлсіз — жарықтан қашқан
қара түнек пе, өлде қараңғылық
басқан жарық па...*

“Тәңірдің кітабы”

ӘЛІШЕР

Жер бетін тұман басты. Содан кейін аспан салбырап төмен түскен. Еңсөні көтеріп журу мүмкін болмай қалды, адамдар бойын тіктеп тұра алмаған соң, жер бауырлап еңбектей бастады. Қорлықтың ауыры құнысқан жауырынды жазып тік журе алмауда еken. Жорғалап келе жатып ол жердің иісін таныды, кітаптың иісі шығады. Кәдімгі шаң-топырақ басқан сары ала байыргы қағаздың таңсық оқшау иісі тап иегінің астынан аңқып тұр.

Аспан мен жердің арасын бозамық қалың тұман жапқан. Неткен бұл заман болды, ешкім ойланып үлгерген жок, аласапыран аяқ астынан бауырына алып жаншып таставады. Ол ақ шаңқан бұлт ішімен жайлап ақырын жүзіп келеді. Жан-жағына абайлап үнсіз қарап қояды, халық сапырылысып жатыр, жұртты тегіс үрей билеген, мұндай күннің тууына кім жазықты, оны білетін адам бар ма еken. Әлішер сауалына жауап беріп жатып оянып кетті. Қорпесін кейін серпіл, орнынан көтерілді. Терезеден мұлгіп атқан алғашқы таң шапағы көрінді. Үй іргесіндегі бағана басына ілінген шам сығырайып жанып, желдің екпінімен өлсіз ыргалады. Дүние тозып кеткен секілді. Таңғы жарық алдында ошпей қалған жалғыз шам кенет отынан айрылып, ала көлеңкеде өлмеусіреп барып біржолата сонді.

Ол бетін жуып жатып көрген түсіне қайтып оралды. Көк пен жер астасқан кездे қасқырдың ұлыған дауысынан

аспан қайыра ажырап, көтеріліп кетіпті деген аңыз бар еді. Су шүмектен сарылдаپ ағып тұр. Нені білдірді еken сонша- ма түсініксіз тұс. Топырактан кітаптың ісі шығады. Жарат- қан Құдай қандай белгі жіберді, қай тұстан мен қата бас- тым, оны маған дәл қазір таба қою қызын шығар. Дегенмен, жақсы ырым емес. Әлде, мен теріс жорып тұрмын ба, қағаз- дың топырактан иіс тартуы бір қасиетті мәңзегені болуы да мүмкін. Ол қайыра жуына бастаған. Бұдан ертерек тез жа- зып тастауға ниет еткен кітабы есіне түсті. Бірақ, қолы журмей қойды. Сенімі мол еді, енді күмәні қебейді. Аптасына қан- ша сөйлем жазатын болдым осы деп, қалам тартқан парак- санын жұмсалған уақытқа бөліп есептеп қөрді, жетісіне үш беттен шықты.

Әлішер қара көк жұмсақ сұлгіні алып, мойнын сұртті, айнаға қарап еді, жүзіндегі су тамшылары төмен қарай жүйткіп ағып келеді еken. Сұртіп тастады. Мүмкін ешқашан кітап жазбау қажет шығар, бәрібір ол сізге ештеңе әпермейді. Үмітінізді ақтамайды, тұрмысыныңды жақсарт- пайды, ақыл-ой жетпейтін жұмбақ тіршіліктің мәңгілік са- уалдарына ешқандай жауап таппайды, ең бастысы — одан өмір табиғаты өзгеріп кетпейді, оның бәрі сізben бірге қала береді. Дүниежарық дегеніміз күлкі артындағы мұн. Кітап тек ғұмырдың баянсыз мұратына жалған мағына жүктеген алдамшы мақсат қана. Ол айнаға тесіліп қарап тұрды.

Сұлгіні орнына ілді. Ас үйге өтіп, шай қойды, сосын жez шәугімге су толтырып, бөлмелерде жағалай тізілген гүлдеріне біртінде су құя бастады. Фиалка, герань, фикус, цитрус, көккекіре, киікшөп, меруерт-гүл, таушымылдық, қазтабан, мыңжапырақ, қофажай, итошаган, қытай раушаны. Мына жерге негізінен қылқан жапырақтылар мен күн нұрына шомылғанды жақсы көретін гүлдер отырғызылған. Кактус, сүттіген, сенецио, стапелия, литопса, фаукария, каланхое, агава, сансевиерия, зониум, амариллис, жасмин, кливия, пан- крациум.

Ол гүлдердің атын жайбарақат атап келеді. Пеларгония, колеус, кротон, сетkreазия, кордилина, стробтлантес, аспа- рагус, begония, глоксиния, сенполия, фуксия, эухарис, пе- неромия, марант. Әрбіреуімен ақырын сөйлеседі. Алақаны- мен сипап, жайлап су құяды. Олар сабактарын иіп үнсіз тұрады. Хкалатея, строманте, ктенанте, фиттония, бромелия, қырыққұлақ, монстер, филодендрон, сингониум, сциндап-

сус, спатифиллюм, руэллия, аспидистра, шырмауық, традесканция, зебрина, саркококка. Ол терезе алдында тұрған пеперомия, антуриум, аглаонем, диффенбахия, сингониум, кордилин, драцен, геснерия, суккулент, хлорофитум, бересклет, фатсия, лавр, тікенекті фюленбекияны қураған жапырақтарынан тазартты.

Тақтай еденге жайылып өскен хельксина мен пилейді орнынан жылжытып, ұзын сабақтарын түзетті. Шоғырландырып отырғызылған папоротник, асплениум, сциндапсус, пеперомия, цереус, эхинопсис, оскулярия мен глотифиллюмге бүркіп су шашты. Пальманың ағаш кеспегін ауыстыру қажет деп шешті ол, діні көлденеңінен жуан тартыпты, ертең тамырлары жұмсақ топырақты қопарып, білеуленіп сыймай кетеді. Монстер мен драцен сарғая түсken бе, қалай.

Шырмауық солып қалыпты. Қазтабан да жапырақтарын шашып тастаған екен. Тегіс өліп жатыр деп, түйін байлады ол. Көңілсіз ас үйге оралды. Сағат тілі жетіден асыпты. Элішер қайнаған шайдан құйып алып, кіре беріс тар дәліз арқылы төр үйге шықты. Екі бөлмелі пәтер іші шынымен тым жұпыны, бірақ кітаптарым бар ғой, деді ол дауысын көтере сөйлеп. Жазу үстеліне келді. Орындыққа тізе бүгіп, тартпаны ашты. Қолжазбаны шығарды. Романды басынан бастап мұқият окуға кірісті. Оқыған сайын көnlі құлазыды. Уақыгалар — қайғылы, құрастырылған әңгімелер — қасірет толы ауыр бейнет. Бұл кітап кімге жәрдем бере алады. Керісінше, адамның қайратын жаншиды, тауын шағады, үмітін үзеді. Өнердің мақсаты науқастан азап кешкен пендені ажалдан құтқару емес пе. Немесе үйқысыз тұнгі шешімнен тұған өзіне тиесілі таңертенгі күнөлі өлімінен айыру. Кітап жүрген жерде қаза болмауы тиіс. Мына роман қайғыны еселей түседі. Мүмкін, елдің көзін ашқан ой қасіретін үstemелей отырып тауқыметін женілдете ме екен. Ол ары қарай оқыды. Құтұ, Үкен, Батачы, Бөрү, Бұқа, Чылбы әuletінен Қоры, Оғыл, Марал тарайды. Бұл Құдай ұлы Иса уақытынан асып, Мұхаммед пайғамбарға Алладан қасиетті “Құран кәрім” аяттары көктен түсетін ұлы дәуір кезеңі. Маралдан Қофай, Қофайдан Батұн, Қаршы, Өгүз, Боты, Отчы, Тау, Батығай, Сембекі, Бөкүтей, Борылдай үрпақ жалғастырады. Элішер оқуын тоқтатты. Ойна көрген түсі келді. Бар түйін романға қойылған атау-

да жатқан шығар. Бірақ, әміркеннің жаңа әдебиетінде “Құдай-дың шаһары” атты кітап бар ғой. Яғни, мұнда ешқандай күнәшарлық жоқ. Десек те, іздеген кілтиптан тап осы жерден табылmasын. Ол ойланып ұзак отырды.

Уақыт тоғыз болыпты. Әлішер қолжазбаны қайта қолына алды. Соңғы жырына дейін толық өкyp шықты. Содан кейін жаза бастады. Түркілердің қағанат құрған заманына жетті. Көк бөрі басы бейнеленген аспан түстес айыр құйрық туын жорықта үзенгі табанына тік қойып ұстаған жауынгер көшпелі халық жан-жаққа лекітіп шапқыншы жіберіп жатты. Бірақ, хатқа түскен тарихи жайт кейіптеліп отырған өulet шежіресінен тыс қалды. Роман уақығасы өз желісімен тартты. Жырдан жыр туды. Тәнірі төбесіне тұтқан Борылдай баба тұтас бір тыс рулардан құралған ірі тайпасын ертіп жерүйықты іздеу туралы шешімге келіпті. Ұйғарым рубасыларына жақпаса керек. Қоныстанып отырған өлкे сонау Құтұ, Үкен, Батачы тұсындағы ықылым замандардан бері келе жатқан аяулы өнір. Қайда бет түземекпіз, қып алған жаңа қыстаудан не табамыз, жұртта қалған атамекен ертең көз алартқан жау қолында кетпей ме. Әлішер құйылған сөз тізбегін сойдақтатып барып тоқтады. Жазуын мүлдем доғарып, орнынан тұрды. Ары бері жүрді де қойды.

Тәнір есімін ардақтаған туынды. Қаламына ауыр тиді. Романның көлемі екі жұз отыз немесе екі жұз елу беттей болуы мүмкін. Бірақ, торт жұз беттен асуы мүмкін емес. Оның өзі шағын екі томнан тұрады. Әр том жұқа һәм ұсақ бірнеше кітаптардан құралады. Кітаптар жырларға болінеді. Жырлар деп белгі соққаны — тараулар. Тарапулардан айырмашылығы, жырдың көлемі, әрі кетсе, үш беттен аспайды, болмаса, орташа шамасы — жарты бет. Жыр деп айдар тағуында қиялы үшқыр қалам жұмбақтаған астары терең мән бар, кітап ырғакқа үйіп, буыннан үйқасқан зипа сойлемдерін акырына дейін сақтауы тиіс, әрі тәмсілдің ауыр жүгін жогалтып алмауы қажет. Содан кейін, әр жырда не толық аяқталған бір кемел уақыға әңгімеленеді, не алдағы хикаятта жалғасын табатын шер айттылады.

Романды екі томға бөліп отырғандағы мақсаты мұндай әдеби мәнерлердің бір-бірінен ерекшелігі көлемінде емес, котерген тың тақырыбы мен баяндалатын уақығаларының нығыздығына байланысты екендігін корсету еді. Әлішердің

оыйнша, айырма-белгі осында болуы керек. Әр том жүз беттөн сәл асатын болады, әрі бірнеше кітаптан сомдалады. Дәлірек айтса, қос том, он екі кітап, жеті жүз жиырма жыр. Бір томда алты кітап, бір кітапта алпыс жыр. Әрбір ілкі жырда асқабы ой көлденен тартылады, мүмкін пайым емес, үлкен дау шығар. Қазақ бір жас деп алпыс жылды есептейді, алпысқа келмей дүниеден озған адам жайлыштың біріне келмей қайтыс болды деп уайым білдіреді. Сондықтан, Әлшер жеке адамның оқшаша жасы деп алпыс жылды алып отыр. Алпысты жетіге көбейтсе, бір рудың жедеқабыл дара жасы шығады, ол төрт жүз жиырма жылға тең. Ендігі құрган есебі былай: қазір өсиетпен жеткен түркі шежіресі бойынша, адамзат екі жүз жетпісінші жылдың үстінде отыр. Оны бүгінгі жыл санап отырған григориан күнтізбесіне аударып түсіну үшін екі жүз жетпісті алпысқа көбейту қажет, сонда он алты мың екі жүз қорытылып шығады.

Түркі жылнамасы қазір он алты мың екі жүзге жетіпті. Он алты мың екі жүзден екі мың екіні алдып тастайсыз. Сонда он төрт мың жүз тоқсан сегіз қалады. Бірақ, жеті рудың тарихын қамту үшін Әлшер анық санағанды жон көрді: қаламгер төрт жүз жиырманы — бір ру жасын — беске көбейтті, ол дегені бес ру, немесе екі мың бір жүз жыл. Қисынға жетпей тұрган екі руды көлденен жалғастыруды. Кітап уақығаны григориан күнтізбесі бойынша, біздің жыл санауымызға дейінгі екі жүз жетпіс сегіздің жазғытурым наурызынан бастайды, ол дегені, түркі жылнамасына сүйенсек, екі жүз отыз бірнеші жыл, немесе алпысқа көбейтсе он үш мың сегіз жүз алпыс жыл. Енді он алты мың екі жүзге жету үшін одан он үш мың сегіз жүз алпыс жылды аласыз, ол екі мың үш жүз қырыққа тең, оған керегі жеті рудың кезеңі, яғни бір ру — ноль жыл немесе бастауы, екі мың бір жүз жыл немесе бес ру және бір ру немесе жүз сексен мен екі жүз қырық жыл, деп байлауын түйді ол. Мұндағы қисап екі мың екі жүз сексенді шығару, григориан күнпарағы дестесінде, Иса пайғамбар тұғанға дейінгі екі жүз жетпіс сегізінші жыл.

Ол адамзат тарихынан екі мың екіні алдып тастаса, григориан күнтізбесі бойынша біздің дәүірімізден бұрынғы екі жүз жетпіс сегізінші жылға апарады. Сонда, кітап уақығасы былай басталады: отыз үшінші рудың жетінші соңғы үрпағы

өлім аузында жатып Тәңірдің өситетін жеткізеді, содан кейін оған бес ру тарихын — екі мың бір жүз жылды — біріктіреді, яғни он үш мың сегіз жүз алпысқа қосады, шығатыны он бес мың тоғыз жүз алпыс жыл, он алты мың екі жүзді табу үшін өлі жүз сексен жыл керек. Бұл жүз сексен жыл дегені төрт жүз жиырмага бара жатқан жетінші рудың жасы. Әрине, кітапта бұның бәрі тек Тәңірдің өситеті айтылған кезде ғана еске алынады, және оқырманға оны санап қажеті де жоқ, елгезек әлеуметке уақыға желісі ұнаса болды, бірақ Әлішер өзі үшін осындағы темірдей қатаң тәртіп енгізді. Еске үстар жайты, екі том да ортақ асқаралы роман ішінде болатыны, әрі бір кітап тұрғысындағы тұтастығын сақтап қалатыны.

Тәмсілдің өр жерінде қайталанып жаңғыз мәрте құдыреті күшті ұлы Тәңірге айтылған мадақ келтіріліп отырады. Сонымен қатар, құба бел сақараға миссионерлік пазыл міндетін атқарып келген ісләм, крістиан, иахудей, бұддашыл, насрани өкілдерімен дауға түскен Тәңір нанымы тақуаларының да діни айтыстары баяндады. Мұндағы ойы барлық халықтың табынатын Құдайы біреу екендігі, оған қабат, барлық адамның туыс екендігі, барлық діни жүйелердің көздеңген мақсаты ұлы ізгілік мұраты екендігі.

Дүние үлкен шеңбер ішінде, ғұмыр үлкен шеңбер ішінде, романы да соган еліктеу. Жасаған Ие жаратқан болмыстың құрылымына ұқсап бақсан талпыныс, соңдықтан роман түйікталған шеңберге тартылған. Шеңберге айналу үшін уақиғаның анық даму желісі бар. Оқырманы уақыға қуалауы мүмкін, не аласапыран уақиғаның артында жасырынып тұрған айтылмақ ойдың соңына түседі. Қайсысы қызықты, оны оқырман өзі шешеді. Қалай дегенмен де, түптің түбінде уақыға қалың уақыт өте келе сәруәр ойға айналуы ғажап емес. Әйткенмен, бұл жерде әдебиеттің мақсаты жөнінде әңгіме тууы да мүмкін. Бірақ, әдебиеттің анықтамасын кім таба алады, деп ойлады ол. Адамның неге өмір сүретіндігін де толық айтып шығуға бола ма.

Шиелініс романның орта түсінда үлкен өулеттің екі топқа бөлініп, бір-біrine қарсы шығып, қатты жауығуынан басталады. Сейтіп, тізгінге қол созған пысықай тобы жүтқа ұшырап, екінші сергек ширактау тобы өзінің ажалына қарай қадам басады. Ажалын тапқаны тағы қос егіз топқа бөлінеді.

Өз кезегінде, өлім таңбалылар қайыра жінішкеріп, қайтадан екі топқа қақ айырылады. Ол да азады, үрпағы шашырап, жүзге бөлінеді, бір-бірін қанайды, туажаттан немере туысқан ажырайды. Сөйтеп келе, өulet қырық пышақ болып, қырық руға тарайды. Кете береді. Тәңірі орнатқан зандарға қарсы шығады, жұрт ұсактайты, жеті атадан ұзап барып құда болу тәртібі жойылады, шабыс тоқтамайды, ел іші булінеді, ес жиылмайды. Заманақыр ма, бірақ, бір адамның да азыу бір өлемнің жойылуы болса, онда ол да заманақыр. Бүгінгі күн бе, өлде кешегінің кесірі тиғен сойқан ба. Әйтсе де, жедекабыл нәрсе анық — ел Тәңірдің жолынан тайды. Ауыр күнәға батты. Әлішер терезе жақтауына тақап келіп, қабырға іргесіне сүйеніп, сыртқа баяу көз жіберді де, тоқтап қалды.

Қайтіп аяқтап шықпак, қаражат таусылған, жанашыр досы жоқ, енді жаны ауырып, жігері мүқалып отыр. Дүние бос, Марфуга кеткен соң жазғанның несі қызық. Маған, деп еді ол, Махамбет емес, өуелі — ақша керек. Иә, ақша шынымен қажет. Бірақ, кінә Әлішерден бе еken, ұзак қантарылған романның зорлыққа көніп жүріп кетпейтіні тағы рас, ал үкімет құрған бас өдеби алқа оған Махамбетті француз тіліне аудартпайтын болды, сөйтіп қаламақыдан айырылды. Жоғары жақтан қатал тыйым түсті, ол өкіметке жағымсыз адам, өзірше. Егер француздың бір басылымына ұлы Омарды сынап көлемді мақала жазып берсе, Әлішер биыл мемлекеттік сыйлықты алмақ еken. Кеменгер ақынды қалай даттай алады. Жоқ, ұлы Омарға тиісуге болмайды.

Ол жатар бөлмеге барып киіне бастады. Үстіне көк тоқыма, бұтына қара шалбарын киді. Сонын ас үйге өтті. Тоңазытқышты ашып, кешеден қалған конъякты көрді. Іркіліп біраз тұрды да, райынан айныды. Кері бұрылышп, кіре беріс жаққа қарай жүрді. Босағада сәл отырып, бәтіңкесін қолына алды.

Содан кейін, басына қара теллегін киіп, ілгешектегі қолшатырын үстады да, жылдам басып сыртқа шығып кетті. Әлішер көшеде келе жатып ұлы Омарға тиісуге болмайды деп ойлады. Ол дүкенге кіріп, бір бөлке нан алып, қалған ақшасын ұқыпташына салып қойды. Үйіне кері оралғанда, бойын мұн биледі.

МҰСА, ФАЙСА, МҰХАМБЕТ

Әлішер жазу үстеліне қайтып келді. Тәнірдің байлауы сол, түркі баласы жер бетінен жойылып кетпеуі тиіс. Бірақ, дінін аяламаған елдің ділінен айырылғаны рас. Басқа кие тапқан жұрт өліара кезеңде жат халыққа айналады. Салтына берік ұлыс қана тұтқылдан шапқан қолденен көк аттыға сауырын алдырмайды. Десек те, дәстүр өзгеріп, жәмиғат оспей ме. Түркіні туған көк қасқыр сонынан шұбырған мың сан тайпага қандай өсiet қалдырған. Өнегенің ұлкені — Тәнірде, кішісі — жүйрікті салт мінген түркіде. Тірі жәндік те адамның туысы. Қоқтің ризығынсыз малды пышаққа ілдірме, ол саған мұқтаждық көрген кезінде талғажау қылсын деп берілген. Обал — кісліктің ең ұлкен белгісі, қарғыс — жазаның ең ауыр түрі. Біреудің обалына қалған адам ертең қарғысына ұшырайды. Қарғыс ешқашан жібермейді. Төрт түлік түгел жұтта қырылады, содан кейін үрпағың тегіс құрып біtedі. Соңда түркінің қай ұлысы Тәнірдің өсietіне ерді. Әлішер келесі мезет Батығай, Сембекі, Бөкүтей рула-рына кошті. Бөкүтейдің бүткіл ауылы барлық дінге жол ашты, бірақ Тәнірден асып кете алғаны жоқ. Әуелі таяғын сүйретіп ала сәлделі дәруіш келді. Ел кезген пазыл асқабыны коруге жан-жактан мол қаралы жиын жиналды. Ол тұз халқына тамаша бір жұмбак биін корсетті. Дәруіштің түсініксіз бипыл қозғалысын ұнатқан тайпаның көсемі Еңгүдей өзі қоныс төуіп отырған ауылдан сырт, құдыққа жақын қыр-дың етегіне он екі қанат ақ шаңқан киіз үй тіктіріп, ту бие сойдырып, саба-саба жас қымыз әкелдіріп, ісләм жайында келслі кенес тыннады.

— Исләмде зорлық жоқ,— деді дәруіш төрге жайғасып болып.

— Жебірей мен крістианда ше? — деп сауал тастады Ең-гүдей.

— Біз найза жұмсап келген дүшпанға семсер сілтеп жа-уап қайырамыз, бірақ қылыш үстінде серт жүрмейді.

— Сақара талай дәруішті көрді, дегенмен, Будда, Мұса, Иса неліктен ісләмға теріс?

— Жалпы, Алла тағала адамзатқа он сегіз мың пайғамбар жіберген, есте түгел қалған жоқ, Мұса мен Иса туралы нақты мәлімет бар, мұсылман қауым Екеуін де Мұхаммед ғалік саллам тәрізді Алланың елшісі деп таниды.

— “Көне өсиет” барда “Жаңа өсиет” дүниеге келді, сонда “Құран кәрім” неге қажет болды?

— Алла тағала жұрт бұзылып, ел адасқанда, жер бетіне елшісін жібереді. Бірақ, елші коктен түспейді, Жаратқан Ие оны адамдар арасынан таңдалады да, қасиетті жазбаларын табыстап, ерекше міндеттің жүктейді. “Бейнет пен азапты да көтере алатын, өзім жаратқан пендеңмің мойнына ғана артамын,” — депті Алла тағала.

— Сауалымға жауап таппадым, — деді Еңгүдей.

— Ісләмде Алла мен пенде арасын бөліп тұрған ешқандай Мәсіх жоқ, крістианда Құдай ұлы Иса бар, Жаратқанға қол созып емес, Иса Мәсіхке қарап шоқынады крістиандар.

— Мұсылмандар ше?

— Тек Алладан ғана сұрайды.

— Тәнірдің сіз айтқан Алладан не айырмашылығы бар?

— Екеуі бір.

— Неге?

— Құдай біреу, бірақ оған баратын жол көп.

— Парызы қанша ?

— Бесеу.

— Аз ба, көп пе?

— Ниет еткенге аз, адасқанға коп.

— Дұрыс.

— Мәртебелі тақсыр, егер бежінер сауалыңыз күтер болса, мен бесін намазын оқып келсем деп едім.

— Жақсы.

Дәрүіш бір ай жатты. Тұздіктер жұлдызды тұндер тоқтамай байырғы көне қиссалар шертті. Құтყ, Үкен, Батачы, Бөрү, Бұқа, Чылбы бабалардың ерлік істері мадақтаиды, жаугершілік жылдары көрсеткен батырлықтары үзак жырланды. Жиналған жұрт жыршылардың хикаяларына сүйсініп қауқылдастанда, киіз үйді көтеріп тастап отырды. Дастан дастанға ұласып, апталап созылып алды. Айбарлы жауынгер халық ісләмді ұқты, бірақ қабылдаған жоқ. Батығай, Сембекі, Бекүтей рулары сүмбіле тұа қадірлі қонақты сый-сияпатпен шығысқа қарай аттандырып салды. Содан кейін оздері тік көтеріліп басқа жаққа кошіп кетті.

Араға жылдар тастап Еңгүдейдің ауылы тағы дүрлікті. Киіз үйдің шаңырағына қилюастырып орнатылған белгіні ұстал крістиан деген шалғайды жүрттап сүйретіліп қауға

сақалды ақ жұзді абыз қария жетілті. Әулие көл жағалай қонған жайлауға дорбасын арқалап кіріп келе жатты. Оны тезек теріп жүріп әуелі сауыншы Бөбү байқаған еді. Қолындағы қабын тастай салып, ол жанұшырып ауылға қарай жүгірді. Бөбүні көріп қарауылдағы сарбаз даланы жаңғыртып, шаулжіні ұрып, дабыл қақты. Әр үйден дабырласып баданакөз тоғыз торлы сауыт киген баһадүрлер шығып, төнірек сапырылысып кетті. Қарбалас тез басылды. Ғаплат шалды құмай тұлпар мінген кіреукеlei Ербек батыр алдына салып айдал келді. Еңгүдей аяқ астына құлаған қарияны ымдал сарбаздарына тұрғызыдырып қойды.

— Тұтқын емессіз, — деді Еңгүдей, — бірақ, жатсыз, түсініз жылы, адал көздерініз күдік туғызбайды.

— Құдай ұлы Исаңың сіздерге рақымы түссін, — деді ак жұзді қария оң қолымен үш мәрте шоқынып.

— Қайда бет түзеп баrasыз?

— Мен Құдайдың хабарын таратып жүрмін.

— Қандай хабарын?

— Шындықтың хабарын адал жеткізген Иса Мәсіх — өлімнен соң қайыра тірілгендердің Алғашқысы, әрі жер бетіндегі құрылған бүткіл патшалықтардың Әміршісі — сіздерге рақымын жаудырып, ұдайы тыныштық сыйлай корсін! Мәсіх бізді шекіз сүйіп, өзін айқышта құрбан етіп, пәк қанын төкті, сөйтіп, пендешілік тірлікте жасаған қылмыстарымызды өз мойнына алып, бойымызды күнәдан тазартты, ھем біздің мекенімізді өз Құдайына және әкесіне табынған қызметшілерінің ажарлы өлкесіне айналдырыды. Оның ұлылығы мен құдіретінің салтанаты мәнгілік бола бермек!

— Сәруар абыз Иса неге Құдай ұлы? — деп сұрады Елтебер.

— Иса Мәсіхтің дүниеге келуі былай еді. Оның анасы Мориям о бастан Жүсіпке айттырылған-ды. Екінші, бірақ, әлі қосылмай тұрғанда-ақ, Мәриямның Киелі Рухтың құдіретімен жүкті екені белгілі болды. Әулие шешеміздің болашақ күйеui Жүсіп сияр шәріф әділ кісі еді, қалыңдығын ел алдында ұтқа қалдырмау үшін ешкімге білдірмей келісімдерінен бас тартуды үйғарады. Алайда, ол асқабы бұл жайтты ойлап жүргенде, Жаратқан Ие түсінде аян беріп: “Дәуіттің үрпағы Жүсіп, қалыңдығың Мәриямға үйленуден шошынба! Себе, көрсағындағы Баласы — Киелі Рухтан.

Мәриям ұл таппак, Оның атын Иса деп қой, себебі Ол халқын күнәларынан құтқаратын болады”, — деді. Жаратқан Иенің пайғамбар аузымен алдын ала айтқанының жүзеге асуы үшін уақиға солай отті. Аян жұмбақ сырдың құпиясын айтқан еді: “Біліп ал, пәк қыз құрсақ көтеріп, Ұл туады. Оған Имануил, яғни “Құдай бізбен бірге” деген ат қояды.” Жүсіп оянып, орнынан түрғаннан кейін Жаратқан Ие перштесінің бүйрығын орындаپ, Мәриямға үйленді. Ал Мәриям босанып, Ұлын тапқанша, Жүсіп онымен жақындасқан жоқ. Нәресте дүниеге келген соң, Оның атын Иса деп қойды.

Еңгүдей ойланып қалды. Ол ақ жүзді қарияның әңгімесіне не сенерін, не сенбесін білмеді.

— Әуелі сөз болған. Сөз Құдайдың аузынан шыққан. Құдай деген сөз, — деді қария.

Сосын ол Таурат, Забур, Пайғамбарлар жазбалары және Інжіл шәріф туралы айтып кетті.

— Құдай ата-бабаларымызға Таурат заңын Мұса пайғамбардан жіберді, ал рақым мен шындық бізге Иса Мәсіх арқылы жетті. Петір Құдайды дәріптеген бірінші хатында: “Иеміз Иса Мәсіхтің өкесі — Құдай мадақталсын! — деген, — Ол бізге зор мейірім корсетіп, рухани қайта туғызып, жаңа өмір сыйлады және Иса Мәсіхті өлімнен қайта тірілтуімен бізді сөнбес үмітке кенелтті. Соңдықтан да, Құдайдың өз халқына сақтаған мол игілігін иемденуімізді құтеміз. Ешқашан шіріп-бұзылмайтын, өшіп-солып қалмайтын сол мұраларыңыз сіздер үшін көкте дайын түр. Құдай өзіне нанушы сіздерді құдіретті күшімен қорғайды, кейін пазыл уақыты жеткенде бұл ниеті ықыласынан айқынданып көрінбек. Қазір сіздерге біраз уақыт азап шегіп, құғын-сүргін коруге тұра келгенімен, осы сөнбес үмітке қуаныңдар! Азап шеккендеріңіздің мақсаты — шын жүректен сенгендеріңізді таныту. Жойылып кетуі мүмкін алтын отқа балқытылған кезде шындалып, тазара түседі. Сол тәрізді, алтыннан әлдеқайда бағалы сенімдеріңіз де бастан кешкен ауыр бейнет, үлкен азапта шындалып, берік те шынайы екендігі дәлелденеді. Соңда Иса Мәсіх қайта оралып, анық көрінетін күні Құдай сіздерді мадақтап, даңқ пен құрметке бөлемек.”.

— Біз азап шегіп жүрген жоқпыз, — деді Еңгүдей, — Тәңірі сізді төбесіне тұтсын, бірак, түркі ұлысы дәүлетті

коктен емес, жерден іздейді. Тәнірі байлықты сыйлаған бізге, тек оны ысырап етпей, берекесін қашырмай, мұқтаждыққа ғана жұмсасақ, ырысымыз ортаймасы рас.

— Жақып өлсүметке жолдаған тәлімді нақыл хатта айтылады: “Бауырластарым, қайсыбіреуіңіз ақиқат жолынан тайсаныздар, басқа біреуіңіз оны кері қайырыңыз! Ұдайы естерінізде болсын: кім жаңсақ басқан күнәһарды теріс жолдан қайтарса, сол оның жанын рухани олімнен құтқарып, коптеген күнәларының кешірілуіне себепші болады.”

— Қарияға қымыз беріндер, — деді Еңгүдей.

Жүрт тарқай бастады. Келесі күні қария айдауыл Бойла батыр көлденең тартқан теңбіл кок бежінер атқа мініп, шығысты бетке алып, жүріп кетті.

Көп үзамай Батығай, Сембекі, Бөкүтей рулары басқа онірге қоныс аударды. Бірақ, жолда келе жатқан салқар көш қарсы алдынан тобесіне оймақтай тақия қондырған жолаушыны кездестірді. Едіген баһадүр мен Тоғықұн батыр шоқытып қырқаға шыға келді де, тобеге жаяу көтерілген асқабы кезбені тұтқынға алды.

— Кімсіз? — деді Еңгүдей.

— Ел кезген кедошимнің бірімін.

— Не?

— Такуа, — деп түсінік берді Ербек батыр бұл сөзді бірінші мәрте естіп тұрса да.

— Қайда барасыз?

— Кидуш га-Шем.

— Сақараның тілін еркін білесіз бе?

— Иә.

— Сойленіз.

— Азапты өліміммен Құдайдың даңқын асырғым келеді.

— Keуденіздеңі ненің белгісі?

— Магендовид.

— Мына кішкене қағазыңыз ше?

— Мезуза. Есік жақтауына қыстырып қоятын, бұзаудың терісінен жасалған бұлама шиыштық қағаз. Бетіне қасиетті Торадан үзінді жазылған.

— Не үшін қажет?

— Минхаг.

— Не дейсіз?

— Өуел баста Құдай аспан мен жерді жаратты. Жер тіршіліксіз бос жатты, суга толы тұнғибықтың үстін қара тұнек жауып тұрды. Ал Құдай Рухы су бетінде қалықтап ұшып жүрді.

— Біз мұны білеміз, — деді Едіген баһадүр, — өз Киеңіз жайында айтыңыз.

— Ишая пайғамбар жазбасында Құдайдың мынадай нақылы бар: “Ал енді тында, Жақыптың үрім-бұтағы, қызметшім Менің! Маған құлақ сал, таңдап алған Исраил халқым! Ана құрсағында сені қалыптастырып жаратқан Қолдаушың — Өзім — Жаратқан Ие, саған былай деймін: қорықпа, Жақыптың үрім-бұтағы, қызметшім Менің, оқшашу қалап алған өділ халқым! Сор тартып шөлдеген жерді суга кенелтіп, қаңсып кеуіп қалған далага өзенді тасқындантып ағызамын. Үрпактарының үстіне Рухымды тогіп, оларға жарылқауымды жаудыра беремін. Олар жайлаудың отты шобі тәрізді тебіндегі өсіп, көл жағасындағы терек секілді тамырын тереңге жайып өне береді. Сол кезде көптеген адамдар Менің халқыма қосылып, біреулер: “Жаратқан Иенікімін” деп хабарлап, өзгелері мұны өз қолдарына жазып та алады. Олар Жақыптың есімімен, халқымның қадірлі тұп атасы Исраилдің атымен аталатын болады.”

— Біз Тәнірге сенеміз, — деді Ербек батыр.

Қария тоқтаған жок.

— Ишая жеткізген тағы бір сөзге құлақ турелік: “Мен, Фаламзат Иесі, бүкіл әлемді жаратып, жалғыз өзім аспан кеңістігін жасадым. Өз құдіретіммен жер бетін де жайып жібердім. Жалған пайғамбарлардың болжамдарын жокқа шығарамын, сөуегейлердің есаландығын да әшкерелеймін. Мен данасынғандарды абыржытып, білімдерінің ақымақтық екенін көрсетемін! Бірақ, өзімнің қызметшілерімнің создерін іске асырып, пайғамбарларымның айтқанын орындаимын.”

— Тәнірі хақ, — деді Еңгүдей көсем, — оған күмәндануға болмайды.

— Білемін, — деді ол.

— Сіздің Құдайыңыз ұлыстар арасына тенсіздік өкелестін секілді.

— Жок, қателесесіз.

— Біз тіршілік атаулы Тәнірдің төнінен жаралған деп есептейміз.

— Ишая пайғамбар жазбасында Құдайдың ниеті анық, бұлдырысız анғартылған: “Жаратқан Иенің жолын ұстанушы басқа ұлт адамы: “Жаратушы, сірә, мені өз халқынан бөлек қояр”, деп уайымдамасын. Белінен айырылған еркек: “Тамырынан үзіліп қурап қалған ағашқа ұқсаймын” деп те қайғырмасын. Себебі, Жасаған Ие мынаны айтады: “Егер белінен айырылғандар Менің еркімді орындауды қалап, демалыс күн ережелерін сақтап, келісімімді ұстанса, онда жанкешті оларға ғибадатханамнан және оның аландарынан орын беріп, мәңгі өшпейтін есім мен абырай сыйлаймын. Бұл мәртебе ұл-қыздар арқылы қол жеткізуге болатын құрметтегі артық. Сол тәрізді, егер басқа ұлт адамдары Маған ғибадат етіп, Мені сүйіп, қызметшілерім болуға өздерін түбегейлі арнаса және демалыс күн ережелерін сақтап, келісімімді берік ұстанса, онда пейілі адал олардың өзіме бағышталған қасиетті Сион төбесінә келулеріне жол беремін. Маған сиынуға арналған ғибадатханада оларды қуанышқа кенелтемін. Осы басқа ұлттық сенушілердің құрбандық үстеліме шалып, өртеген құрбандықтарына және өзге де сыйтартуларына риза боламын. Себебі, Менің киелі ошағым барлық ұлттардың өзіме сиынатын үйі деп аталатын болады.”

- Мынауыныз не?
- Мидраш Раба.
- Оқысанызы, қайтеді.
- Кейір дұғаны оқу үшін минъян керек, яғни адам саны онға жетуі тиіс.
- Неге?
- Мишна, дәстүр.
- Кездіктің не қажеті бар?
- Мен — Могельмін. Сүндектек отырғызамын.
- Балауызды қайтесіз?
- Бұл нер тамид деген синагогада үнемі жанып тұратын шырак.
- Сонда, құтыңыз кім?
- Біз бәріміз Оlam-га-Ба барамыз.
- Әйтеуір Тәңірге сенеді екенсіз, бізге қонақ болыңыз, кой соямыз.
- Парев таппай келемін, маған сүт пен ет қосылмаған тамақ қажет.
- Ондай ас бізде жоқ.

— Көп жыл сойфер болдым, Құдай заңын орындаған үйреніп қалғанмын.

— Орамаңыз не?

— Сэфер Тора.

— Қөшіңіз бізбен.

— Ойланайын.

Әйелдер ас әкелді.

— Трефа, трефа, — деді ол шошып.

— Өзіңіз білініз, — деді Ербек батыр.

— Үнемі Тшува сұраймын Құдайдан.

— Біздің қөшіміз қаралы қөш, бір ақсақалымыз дүниеден озған еді. Жарықтықты үш күн үйіне қондырыдық, енді жетісін береміз, күзге салым қырқын өткіземіз.

— Иә, өуелі Шива, сосын Шлошим келеді. Мен аруағына арнап Шма оқып берейін.

— Рақмет, — деді Еңгүдей, — Құдай бір болса да, дініміз басқа.

— Ең бастысы — Эмуна.

— Мұрдесін кіндік кескен ата-мекеніне апарып жерледік.

— Мен де кейін Эрец-Исраэльге барып өлемін.

Көшпелі жұрт кіммен кездесіп тұрганын үққан жоқ, бірақ кезбе жолаушы өз дінін насихаттамады. Әлішер сез аяғына дөңгелетіп нүктे қойды да, қолжазбаның толық нұсқасына дайын жатқан келесі Заратуштра, Дао, Бұдда, Құнфұдзы және Сопы жыр тарауларын қосты.

ЗАРАТУШТРА

Таң қылаң берді. Үй іші ала көлеңке, қапырық ауа қолқаны қабады. Кереуетте шалқасынан жатқан ақ құба әйел ақырын ыңырсыды. Иргесінде жас қыз бен бір көрі кемпір отыр. Төсектің бас жағына қойылған үлкен балауыз май шам терезеден кірген өлсіз самалмен болмашы шайқалады.

— Жылы су дайын ба? — деп сұрады кемпір.

— Дайын.

— Йима, — деді кемпір.

— Ол үйіктап жатыр, — деді қыз.

— Шақыр.

Жас қыз етегін бүріп ұстап тыска жүгіріп кетті.

— Шыда, құдайлар саған көмектеседі, Анахита.

Анахита басын көтерді.

— Қашан бітеді бәрі, Ардвисур?

— Енді аз қалды.

— Көретін азабым әлі көп пе?

— Жоқ, көп емес.

Табалдырықтан Йима көрінді.

— Уақыты келді ме?

— Иә, қазір толғақ басталуы тиіс.

— Жылы су қайда?

— Абан әкеле жатыр.

— Жас қызы суды төгіп алмасын.

Жүкті әйел қайыра ыңырсызы.

— Өзі өбден қиналды, — деді Ардвисур кемпір.

— Абан кешікті ғой.

— Іздеп келші.

Йима сыртқа шығып, Абанды ертіп, жылдам оралды.

— Есікті аша алмай түр еken.

— Кездікті оңай жерге қой, керек кезінде таба алмай жүрмейік, бізге тез қымылдау қажет, Анахита баланы қина-
лып туатын түрі бар.

— Жарайды.

— Абан, сен тыста бол, кейін шақырамыз.

— Мен ештеңеден қорықтаймын.

— Өзің біл.

— Жақсы.

Кемпір жүкті әйелдің етегін сырды.

— Жібек жайманы әкеліндер.

— Міне.

— Йима, әр жақтан кел.

— Кездікті алайын ба?

— Жоқ, әлі ерте.

Бәрі дайын болды. Қарсы жақтан кереуетке жолақта-
нып күн сәулесі түсті. Нұр жүкті әйелдің жүзін сипағанда,
толғақ басталды.

— А, құдайлар, қабактарың оң болсын! — деді кемпір.

Іштей ұзақ күбірлеп тұрды. Анахита ауырсынып қолда-
рымен көрпені қысты.

— Басы шықты, — деп айқайлап жіберді Йима.

Сол кезде нәрестенің күлкісі естілді.

ДАҚ, БҮДДА, ҚҰНФҰДЗЫ

Бұл құлкі бүткіл шығысты оятты. Әуелі қыр астында Тәніріне бейқам сиынып отырған әлеуметке Дао келді, содан кейін Бұдда мен Құнфұдзы дабылы жетті.

Еңгүдей ауыл іргесіне шаңын бүркүратып әр түстан шауып келген үш шапқыншыны он екі қанат ақ үйіне шабарманын жіберіп шақыртып алды. Ту бие сойылып, үш жерден ошақ қазылды. Қазан көтеріліп, ет асылды. Сосын тепсендे жатқан сауынды биelerдің саба-саба тобылғы иіс қымызы ағылып келе бастады. Әңгіме ұзаққа созылатын болды. Бірақ, бетпақ даланы кезіп жүрген үшеудің ниетін анық тану қажет, сондықтан Еңгүдей үлкен мәжіліс құрды.

— Дао, — деді бір жолаушы, — қашық жол.

Сосын ұнсіз ұзақ отырды.

— Яғни, өмірдің түйе сүйреп тартқан салқар күші.

— Ұстаным?

— Иә. Сіздің шексіз сапарда жақсы өмір сүре білу қабілетіңіз.

— Не?

— Сонымен қатар, ол дегеніміз тіршілік, тау, орман, бетпақ дала, кәдімгі гүлдеп тұрған ғұмыры. Дүние бар мен жоқтан пайда болған, мүмкін емес пен мүмкін нәрседен кешкен тірлік, ұзын мен қысқадан порма жаратылған. Асқаралы асқақ биікке аяқтағы терең сай тәуелді. Әуелеп көкке үшқан дауыс құлдилап тәмен құлаған дауысқа қосылып, үндестік туғызады, өткен дәргейіне өзінен кейінгіні бағындырады. Кетік құбылыстан кемел нәрсе туады. Қисықтан — тік, ойықтан — тегіс, ескіден — жаңа.

— Сондықтан?

— Жаңалықтың анасы — ескілік. Нығыздалған нәрсе кернеуден қуат тауып, қайыра үлгаяды. Әлсіреген күшнейеді. Жойылған қайта көрінеді. Қарама-қарсылықтар күреспейді, керісінше, табысады. Кім кез келген білімнен дербес өмір сүрсе, оны ешқашан дерт шалмайды. Өз білімінің тұнғирын біліп, әрі надан күйінде қалған бүкіл әлемге үлгі болады. Білім деген жок, сондықтан мен ештеңе білмеймін. Ештеңе істемеген кезде ел жағдайы жақсара түседі, байсалды шақта халыққа әділдік бітеді, егер патша жаңа бастамалар көтермесе, жұрт байи түседі. Дао ұлы, жер ұлы, аспан ұлы

және хан ұлы. Көкке қызмет етіп, елді басқару үшін, ұстамды болу қажет. Ұстамдылық — ізгіліктің өуелгі сатысы, кемел адамгершіліктің бастауы. Даоға көш түзеп, керуен тартқан сәруәрінің көріпкел, балгер, сөугей, діни салттың жоктаушысы. Дао ұлы, аспан ұлы, жер ұлы және хан ұлы. Көкке қызмет етіп, ел басқару үшін қанағат керек. Қанағат — жақсылықтың басы, үлкен кісіліктің белгісі. Біздің ғибадатханамыз бар. Мен ажарлы қыыр шығыс өлкесінде абызбын, құмалақ ашамын, бұлыңғыр ертеңді болжаймын.

— Енді сен сөйле, — деді Еңгүдей.

Бұддашыл қонақ сөйлеп кетті:

— Дініміздің анық екі көз жанары бар: тхеравада және махаяна, мәуріт пали тілінде дхамма, санскрит тілінде дхарма түрінде болады. Байырғы көне Типитака жарғы Сиддхатха Готама, санскрит жазбалары Сиддхартха Гаутама деп атайды. Бұддашылдар — дүниеге Бұдданың козімен қарайтындар. Бұдда — Құдай емес. Ол Құдайды тану жолын бұзылмайтын қағида ретінде танымайды. “Менің уағыздарыма сенбеніздер, тек сөздерімді түсінуге талпыныңыздар, сонда айтқандарымда мағына бар ма, жоқ па, көре аласыздар. Егер мағына болмаса, көніл аударманыздар, ал мағына тапсаныздар — есте тұтыңыздар”, — деген әулие.

— Пазыл низамы қандай?

— Бұддашылдар дхамма мен дхарма салтында жүреді. Дхарма дегеніміз ақиқат, зан, ілім. Егер біз Бұдда жолын қалап, өситетін орындасаның және сангха қоғамына енсек, сонда бұддашыл болып шығамыз. Үш құндылық — Бұдда, дхарма, сангха — әр бұддашылдың діни міндеті. Жақсылыққа жол ашыуыңыз, ешқашан зұлымдық жасамауыңыз және ақылойыңызды тазартуыңыз қажет.

— Тыйым не?

— Үш у бар, олар — сарандық немесе құмарлық, өшпендейлік немесе жек көрушілік, адасу немесе надандық.

— Бұддаға аппаратын алғашқы жол қандай?

— Бұддашыл болу үшін былай деп үш мәрте қайталау парызынан үлкені: “Мен пана табу үшін Бұддаға барамын. Мен пана табу үшін дхармаға барамын. Мен пана табу үшін сангхага барамын.”

— Өситеті не?

— Бұдданың байлауынша, өсиеттің талқыға түсетін ең басты тақырыбы — осы жерде және дәл қазір өтіп жатқан жайт. “Мен тіршілік иелеріне ешқашан зиян тигізбеймін деп міндеттенемін. Мен, егер өз еркімен бермесе, өзгеден ештеңе алмаймын деп міндеттенемін. Мен жарыма адал боламын деп міндеттенемін. Мен жалған сөз айтпаймын деп міндеттенемін. Мен, есімнен айырылып қалмас үшін, ішімдік пен есірткіні қолданбаймын деп міндеттенемін,” — деген мәуріт қалдырған асқабы ұстаз.

— Толайым бейкүнәлік бар ма ғибратты лепесте?

— Біздің кезекті өмірімізде кім болатынымыз бүгінгі тірлігіміздегі қаракетімізге байланысты. Әр адамның өз бойындағы жаңа рухани кемелдікке жете алатын мүмкіндігін пайдалана білуі жалпы ғарыштың дамуына өсер етеді. Жүрт дхарма жолымен жұрсе, ғаламның үндестігі артады, ал егер дхарма жолынан тайса, дүниенің берекесі қашады. Каруна, біреуге аяушылық білдіру, праджня даналығымен толығысусы керек. Йога — байланысу — даналыққа жетудің жолы. Дүниеге сырт көзben қарап, не болып жатқанын түсінесіз де випассанаға жетесіз, көзіңіз ашылады.

— Тәмсіл байтақ уәлаятыма қандай өнеге айта алады?

— Бірде, Кизаготама тұлымы желбіреген өндірдей жас ұлы жалған пәниден ерте, ғаплат озғанда, қайғыдан құса жұтып, қара жамылған беті Бұддаға келеді. Қасіретін ұмыта алмайды. Кеменгер абу Бұдда оны қыша дәніне жұмсайды. Бірақ, сіз қыша дәнін сұрап келген отбасы қаралы үйелмен болмасын, дейді Бұдда шарт қойып. Кизаготама қайғысыз өмір сүрген қабағы ашық үйді таппай, сандалып үзак жүрт кезеді. Бір шаңырақтың отағасы жоқ, екінші тұтін үрпақсыз гұмыр кешіп отыр, өзге ғайыр халық жақын бауырын жылап-еңіреп тақауда қара жер қойнына берген. Сонда Кизаготама түсінеді, иә, төнірекке басқа көзben қарau қажет.

— Бұдда бақытты көрді ме?

— Көрді. Бақыт, біздіңше, нирвана. Жаратылысты танудың ең асқар шыны. Абыз асқақ биікке Үндістанның солтүстік-шығысында, джамбу ағашының түбінде жеткен. Бұдда халықтың қойған есімі. Ол бірнеше жыл тәнін өлтірген. Бұдданың айтқаны бар: “Мен якша немесе гандхарва, дэва немесе кісіге адам сипатын беретін қасиет пен рухани күйді түгел жойды. Яғни, мен — Бұддамын”. Ол басымен он

жағына қисайған күйінде медитация үстінде өлді. Бұл — паринирвана — қалдықсыз нирвана, бұдан кейін Бұдда қайта дүниеге келген жоқ.

Содан соң, сөз Құнфұзды мәурітін таратқан хабаршыға тиdi.

— Құнфұзды елінде абыз жоқ, — деді ол, — көне қытай салт-дәстүрін берік ұсташа дін қағидасының негізіне жатады. Үлкенге ізет, отбасына құрмет.

— Тәңірге сиынған өлкенің салтына ұқсас екен.

— Аруақтарды қастер тұтамыз.

— Дұрыс!

— Эрбір ши — ру — өз бабаларына арнап мяо соғады, ғибадатхана салады. Онда пәниден озып, бақыға аттанған бабаларының бейнесін кескіндеген ескерткіш мүсін хунь-бо түрғызылады. Қара тақтаға — чжуға — қызыл иероглифтермен өлген туысқандарының аты жазылып отырады. Діни ғұрып атқарылып, дұға оқылғанда, чжу тіріледі. Чжу солтүстүк қапталдағы төргі бұрышқа, үстел үстіндегі биік жәшіктің ішіне қойылады. Құнфұзды жұрттында қазаға ұшыраған бауырын жоқтап, чжу тақтаға жазу бұлжымайтын жарғы. Еразамат шаңырақ көтеріп, отау тіккенде, ғибадатханаға кіріп, аруақтардан ұлықсат сұрайды. Эрбір төрт маусымның ортанышы айында құрбандық шалынады.

— Ұлы көсем Құнфұзды қандай өсінет қалдырды?

— Құнфұзды айтқан: “Егер сезеді десем, ел жер бетіндегі шаруаларын жиып қойып, аруақтарға күні-тұні қызмет етуге көше ме деп қорқамын, сезбейді десем, әке-шешелерін үрпағы көмусіз қалдыра ма деп алаңдаймын. Уақыты келгенде, өздерініз бәрін көріп, біле аласыздар”.

Енгүдей үш асқабы кезбе өулиені он екі қанат ақ үйіне тастап, тысқа шықты.

СОПЫ

Әуелі қалың ел жиылып, ауылдың іргесіне биік шарпы дар ағашын орнатты. Содан кейін, көлденең бақанға жаңа есілген арқанды мықтап түйіп байлады да, төмен салақтаған үшінан шалма жасады. Ізін ала, қара бұқарадан жырақ тұрган бір шаүибаз ортаға тақап келіп, арқанды шалған жерінен котеріп жіберіп, қара маймен былғап өтті.

— Сопыны әкеліндер, — деді көсем бұзау тіс дойыр қамшымен ауыл жақты нұсқап.

Екі айдауыл ең шеткегі киіз үйден жалаң аяқ сопыны алғып шықты.

— Бері, — деді көсем қайтадан.

Халық үнсіз кейін серпіліп, үшеуге жол ашқан. Сопы табанын қарыған сары шағыл ыстық құмда аяғын сүйрете басып, баяу жүріп келе жатты. Көсем тобылғы қамшысымен шонқайма етігін жайлап ұрып, шыдамсызданып отыр. Ауа қапырық, таяу жатқан көлдің ылғалы тастай түйіліп алған жұртқа молынан жетпейтін тәрізді, құлаққа тек дамылсыз құрылдаған құр бақаның зарлы үні ғана келеді. Тұтқын дар ағашына тақап барып тоқтады. Артынан ерген екі сарбаздың бірі желкесінен түйіп жіберді. Ол ілгері құлап бара жатып еңсесін қайыра түзеп алды. Басын көтеріп, тұс өлетінде дәл төбесінен шақырайған ыстық қүнге қарады.

— Қарсы алдыма келсін, — деді рубасы.

Сопы қарсы алдына келді. Содан соң қеудесін тіктеп, жузін әміршіге бүрдys. Ақ құба ажарында мұң жоқ, көннің ыстығына налыған реніш табығана бар. Ойлы күзі тайпаниң көсеміне ұзак зер салды. Толайым зерттеп, тесіле қадалып тұр.

— Тәнірекіміздегі ел тегіс Тәнір дінінде екендігін білеміз, — деді рубасы, — кезінде, бірақ, біздің де құдыреті күшті ұлы Тәнірге адалдығымыз кем болды ма?

— Кем болған жоқ.

— Тұғанымда тәніршіл едім, енді бүгін сенімі берік кристиянмын.

— Білемін.

— Бұдан былай менің ауылымда Тәнірі насихатталмауы тиіс.

— Жақсы.

— Ендеше, сен неге Тәніріңе сиынасын?

— Иса пайғамбар баласы Оның.

— Рас па?

Көсем сұраулы жұзбен жұртқа көз тастады.

— Өтірік, — деп кесіп айтты біреу ат үстінде шоқынып.

— Иә, жалған, — деді топ ішінен ала шапан киген ұзынтура ақсары.